

ULUSLARARASI TÜRK DÜNYASI TURİZM KONGRESİ BİLDİRİ KİTABI

21-25 MAYIS 2025, Gazimağusa, KKTC

7th INTERNATIONAL TURKIC WORLD TOURISM CONGRESS PROCEEDINGS

May, 21-25 2025, Famagusta, TRNC

Editörler/Edited by

Prof. Dr. Ali Öztüren

Doç. Dr. Murat Bayram

Doç. Dr. Mine Haktanır

Yrd. Doç. Dr. Ali Özduran

Yrd. Doç. Dr. İlkay Yorgancı

Yrd. Doç. Dr. Tuna Karatepe



Doğu Akdeniz Üniversitesi Yayınevi
Eastern Mediterranean University Press

ISBN: 978-605-9595-72-8

İÇİNDEKİLER/ CONTENTS

Rejeneratif Turizm: Bibliyometrik Analiz ve Gelecekteki Araştırma İçgörüsü	Feray Yentür	20
Tarihsel Süreçte Türk Ordusunun Beslenmesi	Nurten Çekal, Esradeniz Doğan	24
Yirmi Birinci Yüzyılda Turizm Coğrafyasında Yeni Yaklaşımlar	Emre Ataberk	28
Kuzey Kıbrıs'ta Sürdürülebilir Turizmi Geliştirilme Stratejileri	Mete Ünal Girgen, Recep Çağlaş	30
Driving Sustainable Choices: Youth, Eco-Friendly Travel Apps, and Environmental Perceptions	Zehra Saltık, Orhan Uludağ, Berislav Andrlıć	32
From Clicks To Success: The Serial Mediation Effect Of Srm On Online Learning Performance	Orhan Uludağ, Özlem Altun, Sonia Khan, Kemal Çek	34
Sustainability of Touristic Souvenirs in Destination Marketing: Sinop Case	Rana Şat, Ercan Karaçar	36
How Government Policies and Taxation Affects Tourism sector and Small Businesses: The Effects of Living Standard on Foreigners, Evidence from Cyprus.	Ruth Nange Yunji, Abeltine Ngweamaw	43
Restoran İşletmelerinde Hizmet Kalitesinin Müşteri Sadakatine Etkisi: Meşhur Pide Örneği	Turgay Uçar, Cavit Yavuz	45
Azərbaycanda Kültür Turizm Çərçivəsində Sağlamlıq Turizm Mərkəzləri	Aynur Alekberova	47
Development of an integrative model for assessing the socio-economic sustainability of tourist destinations based on expert analysis using the example of a tourist destination in the Pavlodar region (Kazakhstan)	Dinara Yessimova, Alina Faurat, Ayana Yessim, Garifolla Bekzada	54
Fine-Dining Turizmi ve Lüks Gastronomi Turları: Türkiye Örneği	Saadet Pınar Temizkan, Demet Genceli, Batuhan Aktepe	56
Psikolojik Sermayenin Sanal ve Sosyal Kaytarma Davranışları Üzerindeki Etkisi: Yiyecek İçecek Hizmetleri Alanı Öğretmenleri Üzerine Bir Uygulama	İbrahim İlhan, Süleyman Çimar	74
Esports as a Driver of Tourism: Global Trends and Prospects for Kazakhstan	Dinara Yessimova, Ilyas Ussenov	81
Hız. Mevlana'nın Aşçısı Ateşbaz-I Veli Hazretlerinin Türk Mutfağına Katkıları	Nurten Çekal, Erva Şahin	83
Kültürel Miras Kapsamında Türk Dünyası Ülkelerindeki Geleneksel Çalgıların İncelenmesi	Mecid Vergül, Kutay Oktay, Gulmira Satybaldiyeva, Aizhan Utarbayeva	85
Özel Ziyafet Günlerinde Türk Sofrası	Salih Çakıcı, Rahman Temizkan	89
Central Asia As A Single Tourist Region	Dinara Yessimova, Khussaibin Makhmud	93
Deprem Sonrası Gastronomik Kültürel Mirasın İyileşmesinde Sosyal Dayanıklılık, Sosyo-Ekonomik ve Sosyo-Duygusal Faktörlerin Belirlenmesi	Furkan Baltacı, Yiğitcan Efe Sevimlisoy, Vural Kendirci, Cemil Buldu	96
Yiyecek ve İçecek İşletmelerinin Çevrimiçi Yorumlarının İçerik Analizi: Bingöl ili Örneği	Handan Hamarat, Didem Uzun	101
İsmayılı (Azerbaycan) Bölgesinde Turizm Potansiyelinin Belirlenmesine Yönelik Çalışma	Cafer Topaloğlu, Aida Malikova, Serap Ok	109
Kültür Turizmi Rotaları ile İlgili Makalelerin Bibliyometrik Analizi	Mehmet Ölçücü, Atınç Olcay	112
Türk Mutfağında Simgesel Ve Sembolik Anlam Ve İnanışa Sahip Gıda Ürünleri	Nurten Çekal, Şeyda Rana Uçma, Neslihan Bağlar, Eren Balcı	114

Utilization and implementation of non-heritage conservation technologies at the Uzbekistan Museum for the protection of Chinese cultural artifacts	Song Difei	575
Türk Mutfağında Tescilli Coğrafi İşaretli Çikolata, Şekerleme ve Türevi Ürünlerin İncelenmesi	İsa Uğur, Ömer Ceyhun Apak	586
Authentic Teaching: Using Trip Advisor as an Educational Tool and Career Advancement	Nazenin Ruso Kandemir, Mahroo Mohammad Sadeghi Ghavim	590
Kıbrıs Mutfağına Menüler ve Tüketici Yorumları Üzerinden Bakış	Nihan Yarmacı Güvenç, Seray Evren	592
Denizli Bölgesi Mimari Turizmi İçin Bir Rota Önerisi: Kalemşi Camileri	Semih Arıcı, Şeyma Arçın	598
Türk Dünyası Mutfak Kimliği: Kültürel Mirasın Gastronomi Turizmi Bağlamında Değerlendirilmesi	Büşra Diken Çolak, Seray Evren, Serkan Şengül	604
Turizm İşletmelerinde Örgüt Kültürünün Örgütsel Vatandaşlık Davranışı Aracılığıyla Rigor Mortis Üzerindeki Etkisi	Zeki Akıncı, Filiz Arslan, Gülseren Yurcu	610
Teknoloji Kabul Modeli Perspektifinden Akıllı Turizm Uygulamaları	Gürkan Çalışkan	615
Солтүстік Қазақстан облысындағы агро- және экотуризмнің салыстырмалы талдауы: ауылдық аумақтарды дамытудың стратегиялық тәсілдері	Elmira Boribay, Kutay Oktay	619
Экотуризмдегі тұрақты тәжірибелер: Көлсай көлдері	Elmira Boribay, Aigul Madieva	625
Tourism Financial Performance among the Members of the Organization of Turkic States	Sina Vahedi, Mine Haktanır	627
Türk Devleti Teşkilatına Üye Ülkelerde Turizm Sektöründe Döngüsel Ekonomi Uygulamalarının Kaynak ve Enerji Kullanımı Üzerine Etkileri	Hasan Gül, Mehmet Bahri Saydam	629
Assessing Digital Transformation in Hotel Websites: A Comparative Study of Turkish and International Hotel Chains	Fetine Bayraktar, Hamed Rezapouraghdam, Mine Haktanır	630
Pazarlama İlgörüleriyle Müşteri Memnuniyeti Kavramının Dönüştürülmesi	Leyla Atakishiyeva	633
Mezarlık Turizmi Kapsamında Türk Mezarlarının Değerlendirilmesi	Canan Tanrısever, Elif Nur İrem Durmuş	635
Farklı İnanç Sistemlerinde Hac Ritüelleri	Hatice Murad, Canan Tanrısever	637
Kapadokya'daki Aşırı Turizm Baskısı Karşısında Alternatif Bir Destinasyon Olarak Kuladokya	Seda Sökmen, Cevdet Sökmen	639
Қазақстан Республикасының Жамбыл облысында тұрақты туризмді дамыту перспективалары/Kazakistan Cumhuriyeti Zhambyl bölgesinde sürdürülebilir turizmin geliştirilmesine yönelik beklentiler	Janagul Nazikova, Yermek Jolanov	655
Kruvaziyer Gemi Hizmet Özelliklerinin Asimetrik Yaklaşımla Önceliklendirilmesi	Özgür Davras, Didem Gökalp	657
Kültür Turizmi Unsuru Olarak Kırgız Müziği	Necip Yılgin, Murat Kızanlıklılı	671
Bölgelerde Emek Piyasasının Modern Dönüşümü: Dijitalleşme, Politika Ve İnsan Sermayesi Bağlamında Bir Analiz	Sabir Quluzade	675

Солтүстік Қазақстан Облысындағы Агро- Және Экотуризмнің Салыстырмалы Талдауы: Ауылдық Аумақтарды Дамытудың Стратегиялық Тәсілдері

Dr. Эльмира Борибай

«Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты
даму» білім беру бағдарламасы
Нархоз университеті
Қазақстан, Алматы қ.
Elmira.boribay@narхоз.kz

Dr. Кутай Октай

Туризм факультеті
Кастамону университеті
Түркия, Кастамону қ.
koktay@kastamonu.edu.tr

Мақсаты: Солтүстік Қазақстан облысындағы агро- және экотуризмнің дамуын салыстырмалы талдау, сонымен қатар ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту стратегиясын әзірлеу. Мақсатқа жету үшін келесі негізгі міндеттерді шешу қажеттілігі қарастырылды: ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде экотуризмнің рөлін зерттеу; теориялық шолу негізінде республиканың ауылдық жерлерінің инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуіне салыстырмалы талдау жүргізу және аймақты дамытудың негізгі мәселелерін анықтау.

Әдебиеттерге қысқаша шолу: Ауылдың экономикалық дамуы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі мен фермерлердің төмен кірісіне негізделген маңызды зерттеу саласы. Әлемдік тәжірибеде бұл мәселелер көп жағдайда ауыл экономикасының аграрлық секторға құрылымдық тәуелділігімен байланысты екенін анықтайды. Ауылдың жай-күйі мен динамикасын жан-жақты талдау қажеттігін алға тартатын бұл үрдіс Қазақстан үшін де өзекті.

Ауылдық жерлердегі туризм жергілікті қауымдастықтың тұрақты дамуына ықпал ететін әлеуметтік, экономикалық және кеңістіктік қызметтеріне байланысты барған сайын маңызды бола түсуде (*Hall & Page, 2018*). Ол сондай-ақ, табиғи, мәдени және дәстүрлі құндылықтарды сақтауда маңызды рөл атқарады, жергілікті жердің экономикалық өсу стратегияларының негізгі факторына айналдырады (*E.Boribay et al., 2024*). Алайда туризм секторының табысты жұмыс істеуі үшін көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік ресурстарды қоса алғанда, инфрақұрылымсыз дамыту мүмкін емес (*Gonzalez, 2021*).

Өкінішке орай, Қазақстанның ауылдық аймақтарының инфрақұрылымы қажетті деңгейде дамымаған, бұл қызметтердің қолжетімділігі мен сапасына қатысты әлеуметтік-экономикалық мәселелерді тудырады (*Tuleubayev et al., 2022*).


Солтүстік Қазақстан облысы аграрлық-индустриалды аймақ ретінде халықаралық және өңіраралық байланыстар саласында жоғары әлеуетке ие. Мұнда тау шаңғысы кластері мен мәдени туризм белсенді дамып келеді. Аймақта сонымен қатар сауықтыру, экотуризм және ауылдық туризм сияқты салаларды дамытуға айтарлықтай мүмкіндіктер бар (*S.V. Pashkov, G.Z. Mazhitova, 2021*).

Мәдени-тарихи туризмді дамытудың салыстырмалы түрде жоғары әлеуеті бар Солтүстік Қазақстан облысында бүгінгі таңда экологиялық және агротуризм үлгілерін дамыту да ең өзекті болып табылады (1-кесте).

Кесте 1 - Солтүстік Қазақстан облысында экотуризм мен агротуризмді дамытудың үлгілерін салыстыру

Модель	Экотуризм	Агротуризм
Мақсаты	Қоршаған ортаны сақтау, табиғатқа әсерін барынша азайту	Жергілікті ауыл шаруашылығын дамыту, мәдениет пен дәстүрді қолдау
Көзқарас	Экологиялық тұрақтылық пен экологиялық білімге басты назар аударылады	Ауылшаруашылық шараларына қатысу, мәдени қарым-қатынас орнату
Мысалдары	Қорықтар, ұлттық саябақтар	Шаруа қожалықтары, органикалық және агрофермалар
Мақсатты аудитория	Экологиялық туристер, табиғат қорғаушылар	Мәдениет пен ұлттық тағамдарға қызығушылық танытатын отбасылық топтар, туристер
Артықшылықтары	Экологиялық жүйені, табиғи ландшафттарды сақтау, экологияда жаңа жұмыс орындарын құру	Аграрлық сектор арқылы ауылдың экономикалық дамуына қолдау көрсету
Кемшіліктері	Табиғи факторларға жоғары тәуелділік, басқарудағы қиындықтар	Ауыл шаруашылығы маусымына тәуелділік
<i>Ескертпе:</i> авторлармен құрастырылды		

Қазақстандағы ең танымал экотуризм бағыттарының бірі – еліміздің солтүстік бөлігінде орналасқан Көкшетау ұлттық саябағы. Бұл Көкшетау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (МҰТП) өзінің бай флорасы мен фаунасымен таң қалдырады, оның ішінде ақ ләйлек (*Ciconia ciconia*), аққұйрық бүркіт (*Haliaeetus leucoryphus*) және сібір қыртысы (*Capra sibirica*) сияқты сирек кездесетін ерекше қорғауға алынған жануарлар түрлері бар. Ұлттық парк аумағы орманды дала және далалық табиғи аймақтарға жатады. Ұлттық саябақтың өсімдіктер дүниесі алуантүрлі және бүкіл аймақтың ландшафтық ерекшеліктерімен тығыз байланысты (1-сурет).



А) Көкшетау мемлекеттік ұлттық паркінің орналасқан жері.
 Б) Зерттелетін аумақтың биіктігі бойынша бөлінуі. С) Ландафттық картасы
 Сурет 1 - Көкшетау мемлекеттік ұлттық паркі

Өсімдік жамылғысы орман, дала, шалғындық түрлермен алмасып өскен. Орман арасындағы алқаптар мен өзен аңғарлары астық тұқымдас өсімдіктермен жабылған. Онда қалың қарағайлы ормандар да кездеседі. Ұлттық парк аумағында республикалық маңызы бар 13 табиғат ескерткіші бар. Сонымен қатар, Көкшетау саябағы көптеген қоныс аударатын құстардың маңызды мекені болып табылады, бұл оны орнитологтар мен табиғат әуесқойлары үшін маңызды орынға айналдырады.

Парктің экожүйесінде тіршілік ету ортасының жоғалуы мен аң аулау салдарынан жойылып кету қаупі төнген қоңыр аю (*Ursus arctos*) және сілеусін (*Lynx linx*) сияқты сүтқоректілер де мекен етеді. Сондықтан да соңғы кездері бұл аймақта туризмді дамыту бойынша стратегиялық шаралар қарқынды жүргізілуде. Солтүстік Қазақстан облысының туристік секторына инвестицияның айтарлықтай өсуі сектордың тұрақты дамуын және оның одан әрі экономикалық өсу перспективаларын көрсетеді. Инвестицияларды тиімді пайдалану өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашуға, шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандыруға және жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді.

Зерттеу бағыттары ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға және өңірлердің тұрақты дамуына ықпал ететін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді үйлестіруге бағытталған ауылдық аумақтарды дамытудың тиімді ұзақ мерзімді стратегияларын қалыптастыруға негіз бола алады.

Зерттеу әдістері: Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: әдебиеттерге шолу: ауылдың экономикалық дамуы мен туризмнің рөліне байланысты ғылыми еңбектер мен зерттеулерге шолу жасалды. Салыстырмалы талдау арқылы Солтүстік Қазақстан облысына қолданылатын ықтимал әдістерді анықтау мақсатында басқа елдердегі ауылдық туризмді дамытудың табысты тәжірибесін зерттеу жұмыстары талқыланды. Сандық әдістер арқылы зерттелетін аймақтағы туристік әлеуетті және инфрақұрылымның жағдайын бағалау үшін статистикалық мәліметтерді пайдалану жүргізілді. Туризмді дамытудың негізгі проблемалық бағыттары арқылы туризмді

дамытуға байланысты күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеліп отырған аймақ – 270 жылға жуық егіншілік тарихы бар Қазақстандағы ең көне дамыған аймақтардың бірі. Аграрлық секторды мамандандыру дәстүрлі астық өндірісінен рентабельділігі жоғары майлы дақылдарға біртіндеп ауысуда. Бұл бейімделген ландшафттық егіншілікке көшу және негізгі технологиялық процестерді цифрландыру жағдайында егістік алқаптарының экономикалық құнарлылығының өсуіне ықпал етуде.

Солтүстік Қазақстан облысы дәстүрлі түрде елдегі ең «ауылдық» аймақтардың бірі. XX ғасырдың 80-ші жылдарындағы ауыл халқының ең жоғары тығыздығы 1 км² ауданға 9 адамды құрады (бүгінде ол көрсеткіш 1 км² ауданға 5,56 адам). Қазіргі уақытта ауыл халқының үлесі 56%-дан асады, бұл Қазақстан бойынша орташа көрсеткіштен (41%) айтарлықтай жоғары. Бұл көрсеткіш ауыл тұрғындарының жақсы өмір сүру жағдайларын іздеп қалаға тұрақты ағынына қарамастан байқалады. Сонымен қатар, Ресейге тұрақты тұруға негізінен облыстың шекаралас аймақтарынан адамдар ағыны кетіп жатыр.

Экологиялық туризм – облыс орталығындағы қала маңындағы демалыс орталықтарымен ұсынылған, аймақта шектеулі дамыған ауылдық туризмнің санаулы түрлерінің бірі. Қала маңындағы ауылшаруашылық құрылымдарында, мысалы, көкөніс пен жеміс-жидек өсірумен айналысатын пермадақылдық шаруашылықтардағы био-және экофермаларды дамытудың келешегі зор. Туризмнің осы түрінің тартымдылығын арттыруға қонақ үйлерде демалумен бірге су қоймаларында балық аулаудың танымалдылығының артуына да ықпал етеді. Сонымен қатар, туристік нысандарға жақын маңда орналасқан табиғат ескерткіштерін біріктірілген турларды, маршруттарды әзірлеу аймақтың туристік тартымдылығын айтарлықтай арттыра түседі.

Алайда Солтүстік Қазақстан облысының туризм саласында өңірдегі туризмді дамытуға кедергі келтіретін бірнеше негізгі проблемалар мен кемшіліктерді атап өтуге болады. Келесі кестеде Солтүстік Қазақстан облысында туризмді дамытудың негізгі проблемалық бағыттары көрсетілген (2-кесте).

Кесте 2 - Солтүстік Қазақстан облысында туризмді дамытудың негізгі проблемалық бағыттары

№	Мәселелер	Кемшіліктер	Сипаттама
1	Инфрақұрылымның жеткіліксіздігі	Көлік қолжетімділігі	Тікелей көлік қатынасының (әуе және теміржол бағыттары) шектеулі саны туристердің басқа аймақтар мен елдерден келуін қиындатады.
		Қонақ үйлердің аз болуы	Заманауи қонақүйлер мен орналастыру орындарының жетіспеушілігі, әсіресе ауылдық және қала маңындағы аудандарда байқалады
		Белсенді демалыс үшін инфрақұрылымның дамымауы	Жабдықталған туристік маршруттардың, кемпингтердің, ақпараттық орталықтардың болмауы

2	Маркетинг және жарнамалық науқандардың төмен деңгейі	Аймақтың танымдылығы төмен	Солтүстік Қазақстан облысы ішкі және халықаралық нарықта туристік бағыт ретінде аз танымал
		Кешенді туристік өнімдердің жоқтығы	Брендтік маршруттардың және тақырыптық турлардың (экологиялық туризм, этнотуризм, тарихи туризм) төмен болуы
		Цифрлық жарнаманың төмен болуы	Сапалы веб-сайттар мен мобильді қосымшалардың белсенділігі төмен
3	Туристік қызметтердің шектеулі спектрі	Ойын-сауық орталықтарының аз болуы	Мәдени шаралардың, фестивальдердің аз ұйымдастырылуы, кәсіби гидтермен экскурсияның төмен болуы
		Қызмет көрсетудің төмен деңгейі	Қонақжайлылық индустриясындағы қызметкерлердің біліктілігінің жеткіліксіздігі
4	Экологиялық және табиғи қиындықтар	Табиғи ресурстарды сақтау	Тұрақты туризмді басқару болмаған жағдайда табиғи ландшафттардың деградациясы ұшырау қаупі артады
		Экологиялық ағартушылық жұмыстары әлсіз	Туристердің табиғи аумақтардағы өзін-өзі ұстау ережелері туралы хабардарлығының төмендігі
5	Әкімшілік және заңнамалық кедергілер	Бюрократиялық қиындықтар	Туристік нысандарды дамытуға рұқсат алудағы қиындықтар
		Мемлекеттік қолдаудың төмендігі	Туризмді дамыту бағдарламаларын қаржыландырудың шектеулілігі
6	Әлеуметтік-экономикалық факторлар	Халықтың табыс деңгейінің төмендігі	Жергілікті халықтың сатып алу қабілетінің шектелуі туристік қызметтерге ішкі сұранысты төмендетеді
		Жастар көптеп басқа жаққа кетуі, тұрақтамауы	Өңірден жас мамандардың кетуі саладағы жаңашылдық әлеуетін төмендетеді

Бұл мәселелерді шешу мемлекеттік және аймақтық туризмді басқаруға байланысты болады. Бұл мәселелерді шешу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінде кешенді шараларды қолдану қажет. Атап айтқанда, туристердің мақсатты топтарының қажеттіліктерін кешенді түрде зерделеу, өңірдегі экотуризм мен агротуризмді дамыту әлеуетін бағалау және озық тәжірибені бейімдеу үшін жағдайы ұқсас табысты өңірлердің тәжірибесін жан-жақты зерделеу.

Қорытынды: Көпұлтты елді мекендер мен моноэтникалық ауылдар ауылдық туризмнің әртүрлі нысандарына негіз бола алатын бірегей мәдени құрылымдар болып табылады. Туристерді тартуда және аймақтың мәдени мұрасын насихаттауда этникалық тағамдарға негізделген гастрономиялық және тарихи туризмді дамыту басты рөл атқарады.

Экотуризм және агроэкологиялық бастамалар демалыс кезінде табиғатпен өзара әрекеттесудің жаңа түрлерін ұсына отырып, ауданның туристік мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге жол ашады. Табиғи және мәдени көрікті жерлерді туристік маршруттарға біріктіру аймаққа жалпы қызығушылықты арттырады және оның туристік нарықтағы имиджін жақсартады.

Кілтті сөздер: *агротуризм, экотуризм, аграрлы-индустриалды аймақ, тұрақты даму, Солтүстік Қазақстан облысы*

Қаржыландыру: Бұл зерттеу жұмысы Ғылым комитеті Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылған ЖТН BR24993222 «Тұрақты даму жағдайында Солтүстік Қазақстан облысы аумағының табиғи-экономикалық дамуының шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ету жүйесін құру» ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (2024-2026жж) аясында орындалды.